

Мемлекетаралық банк Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі және оның орынбасарлары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1558 Қаулысы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық банкті құру туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Мемлекетаралық банк Жарғысының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) Мемлекетаралық банк Кеңесінде Қазақстан Республикасының өкілетті өкілінің міндеттерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы (келісім бойынша) а т қ а р а д ы ;

2) Мемлекетаралық банк Кеңесінде Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі орынбасарларының міндеттерін тиісінше Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірінші басшылары айқындайтын Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары атқарады деп белгіленсін.

2. "Мемлекетаралық банк Кеңесіне Қазақстан Республикасының өкілетті өкілін және оның орынбасарларын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 ақпандағы № 170 қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*